аптальқ облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

№31/519

04 августа 2017 года

*Қала өмірінен*

# ҚАЛА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Өткен аптада, яғни шілде айының 28-жұлдызында, қаламыздың жұртшылығы Қала күнін мерекелеген болатын. Кешке қарай орталық алаңға жиналған халықтың санында шек болмады десек



те болады. Мерекеге сай безендірілген сахна, жалт-жұлт еткен электр шамдары, айнала қызықтап жүгірген балашаға, бәрі де үлкен мерекенің боларынан хабардар етіп тұрғандай. Алдымен қала жұртын Қала күні мерекесімен Приозерск қаласы әкімінің міндетін атқарушы Дастан Сәденов мырза құттықтап, мерекелік бағдарламаны ашып берді.

Одан соң мерекелік кешті жүргізушілер қаламыздың бой көтергеніне 61 жыл толып отырғандығын, көптеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің тағдырлары тоғысқан Приозерск қаласы ынтымақтастықтың, бірлік пен бейбітшіліктің қаласы екенін атап айта келе бүгінгі мерекеге Балқаш қаласынан арнайы келген эстрада жұлдыздарының қала қалқына арнаған концерттік бағдарламасы бар екенін жеткізді. Мерекелік шараға сәйкес сахнаға «Алтынай» және «Канделябр» би топтары, «Айару» триосы, сонымен қатар Ерсұлтан Сәкенов, Ринат Қонақбай және Алина Гагарина сынды әншілер шығып, өз өнерлерін паш етті. Концерттік нөмірлер арасында әр-түрлі ойындар ойналып, байқау-конкурстар ұйым-дастырылып, көпшіліктің көңіл-күйі одан сайын көтеріле түскендей болды. Концерттің соңында Ерсұлтан Сәкеновтің орындауында «Байтақ елім» әні шырқалып, жиналған жұрт осы әнге қосылып, мерекеге аяқталмай, жалғасын тауып жатқандай әсер қалдырғаны сөзсіз.

**Б.Алшынбекұлы**




# В АСТАНЕ СОСТОИТСЯ МЕЖДУНАРОДНЫЙ МАРАФОН ШОС И СВМДА

**В Астане состоялась пресс-конференция, посвященная старту Международного Астанинского марафона ШОС и СВМДА, который состоится 27 августа, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Федерации легкой атлетики РК.**

Марафон пройдет в рамках договоренности, достигнутой 4 апреля 2017 года между Шанхайской организацией сотрудничества и Министерством культуры и спорта РК. В частности, было принято решение объединить международный марафон с форумом "Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии" (СВМДА), которому в этом году исполняется 25 лет. Организаторами




мероприятия выступают Министерство культуры и спорта РК, акимат Астаны, Федерация легкой атлетики РК и Юньнаньская компания культуры и спорта "ШАНХЭ".

По словам заместителя председателя Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта РК С.Жарасбаева, первый марафон был организован в китайском Куньмине.

"Тогда, в забеге, участвовали 15 000 человек, второй марафон решили устроить в Астане в рамках ЭКСПО-2017. Здесь ожидаем около 5 тысяч человек. Регистрация открыта. С 15 июля заработал сайт", – отметил он.

EXPO 2017 ASTANA FUTURE ENERGY

На пресс-конференции были официально представлены маршруты марафона. В их числе символичные 2017 метров, также называемые EXPO RUN; для любителей бега – 10 километров; марафонская дистанция в 42 километра 195 метров.

Маршрут марафона будет охватывать основные улицы левобережья и правого берега Астаны. Старт марафона планируется с парковочной зоны EXPO со стороны торгового центра Mega Silk Way 27 августа в 7.30 для марафонцев (42 км 195 м), в 8.00 начнется забег в 10 км, в 8.30 – забег на 2017 метров EXPO RUN.

25 и 26 августа 2017 года у южных ворот Astana EXPO будет проводиться выдача стартовых пакетов для зарегистрированных участников марафона. Они содержат футболки и номера участников, а также специальную памятку о проведении марафона. Во время выдачи стартовых пакетов будут проходить мастер-классы от знаменитых марафонцев, которые проконсультируют любителей легкой атлетики, как правильно подготовиться к предстоящему забегу.

**источник: kazpravda.kz**

# ҚАРАҒАНДЫДА НӘЗІКТІК ФЛЕШМОБЫ ӨТЕДІ

**Бұл күні жүзделген әсем киінген көрікті қыздар көше бойын жағалап, қала тұрғындарына гүлдер мен кәдесыйлар таратады.**

Дәстүрлі нәзіктік флешмобы Қарағандыда жыл сайын 1 тамыз күні өтіп келеді. Биыл ұйымдастырушылардың хабарлауынша, шерудің дәстүрлі бағыты мен форматына аздаған өзгеріс енгізілген. – Біз



биыл жылдағыдай саябаққа бармаймыз, - дейді ұйымдастырушы Юлая Горбачева. – Тәуелсіздік алаңына жиналамыз да фотоға түсеміз, одан кейін ары қарай «Арбат» сауда үйіне қарай барамыз. Ол жерде кішігірім би билейміз. Одан кейін барлық қатысушыларды бір-бірімен жақын танысып, біліси, құрбыға айналуы үшін шәй ішуге шақырамыз. Әдеттегідей шараға қатысушылар өздерімен бірге тарату үшін сыйлықтар ала келу керек. Бұл гүл, тәттілер, жемістер, кәдесыйлар тағы да басқа өз қолдарымен жасаған заттар болуы мүмкін. Нәзіктік флешмобы – 1 тамыз күні өтетін халықаралық акция. Оның мақсаты – еш негізсіз адамдарға қуаныш сыйлау. Алғашқы флешмоб 2012 жылы өтті. Оған 9 мемлекеттің 90 қаласынан 1500 қатысушы жиналған болатын.

**Дереккөз: https://egemen.kz**

# ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БАТАГӨЙЛІГІ

ҚАЗЫБЕК БИГЕ 350 ЖЫЛ




Қаздауысты Қазыбек биден қалған мұралардың бір саласы – тілек баталар. Ой-санаға, ақылға негізделген бата-тілектер адам ақыл-ойының күштілігін білдіреді, әрқай-сысының беретін астарлы мағынасы, тың-даушыға берер әсері бар. Қаздауысты Қазыбек би батасынан бір мысал: Өркенім өссін десең, Кекшіл болма – Кесапаты тиер еліңе. Елім өссін десең, Өршіл болма, Өскеніңді өшірерсің. Басына іс түскен пақырға Қастық қылма, Қайғысы көшер басыңа. Жанашыры жоқ жарлыға Жәрдемші бол асыға. Қиын-қыстау күндерде Өзі келер қасыңа. Бүгін сағы сынды деп, Жақыныңды басынба!

Баталарды лингвистикалық фактор деп қараған профессор Г.Смағұлова: «..тілек бата сөздерінің, әсіресе тыңдаушы үшін тілдік ықпалы ерекше. Тілек-бата сөздері алдымен субъектіге қаратылып ауызша айтылатындық-тан, мәтін мазмұны көпшілік қауымның құлағына сіңіп, жадында сақта-лады. Ал ұзақ уақыт бойы санадан өшпей, керісінше әр тақырып, мазмұн аясында қай-талана отырып, тыңдаушының ой-сезімінде жаңғыра түсуі осы аталған сөздердің адам психикасына қатты әсер етіп, сендіруі мен иландыруынан», – деп дұрыс жазған екен. Мұнда айта кететін жайт – қазақ халқы жаратылысынан сөзге тоқтаған халық болғандықтан, сөз қадірін білгендіктен бата мен тілекті адамның болашақ жолын ашуға, көгеріп көктеуге тікелей әсер ететін сөздің ең асылы, қасиеттісі деп білгендігінен оның құдіретіне иланған. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген халық нақылы да осыны меңзесе керек. Бата беру үдерісіндегі психолингвистикалық сәттер көп кездеседі. Бата беру әрқашан субъективті тұрғыдан баяндалады, бата беруші суггестор белсенді көрінеді. Оның өзіне тән сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, әуен-сазы бар. Және суггерендтің сеніміне кіріп сөйлейді, өзін психологиялық тұрғыдан еркін ұстайды, тыңдаушыны сөзге ұйытады. Сол арқылы суггеренд жан дүниесі өзіне қарата айтылған батаны қабылдайды. Бата беруге қатысушы коммуниканттардың арасындағы түрлі әлеуметтік қарым-қатынас (суггестор-суггеренд) психологиялық бейнесі ашыла-ды. Атап айтқанда: қатысушылардың білім және мәдениет деңгейі нақты көрініс табады; әлеуметтік мәртебелері танылады; туысқандық жағынан байланыс болады; жас ерекшелігіне қарай бөлінбейді; жынысына қарай ескеріледі. Қаздауысты Қазыбек бидің бата сөздерінен бұл факторлардың бәрін де табамыз. Сөз суггестиясындағы бір ықпал – ай-тушының әлеуметтік-қоғамдық мәртебесі. Қаздауысты Қазыбек би сөзінің бір күші осын-да жатыр.

Тарихшы Ж.Омари бидің «Қаздауысты» аталуына орай бір жақсы айғақ келтіреді: «... қазақтың ... қалың ортасында мемлекет пен қоғам өмірінің маңызды деген мәселелері бүкіл ел басшылары мен қарулы азаматтар қатысқан жиында шешіледі. Осы ұлы нөпір жиынды «Қаз» деп атайды. Оның өткізілу салты да, шешетін мәселесі де кеңес пен жүгіністен бөлек. ... Міне, осындай жерде би-шешеннің шеберлігі, даусының күштілігі жарысқа түседі. Бүкіл қазақтың жиынын меңгеріп кету оңай емес. Сол себептен Бұқар жырау Абылай ханды тоқтатқысы келсе: «Ашуланба, Абылай, Ашулансаң, Абылай, Көтерермін, көрермін, Көтеріп қазға саламын», – дейді. Бабамыздың «Қаздауысты» атануына ең алдымен оның бүкіл қазақ қауымы жиналған ұлы дүбірлі жиындарды өзіне бағындырған шешендік қасиеті, ақылмандығы себеп. Зор дауыстың ар жағында ғажайып табиғи қасиет, өнер мен білім, ересен интеллектуалды тәрбие жатыр. Біз бұл жолы сөздің, оның ішінде Қаздауысты Қазыбек сияқты би-шешендердің сөзінің күші (ықпалы, әсері) сияқты суггестиялық құбылыстың бірер ғана жағдайына назар аудардық. Ал мәселе өте көп, мұндай шағын еңбек ауқымына сыймайды. Бұл мәселе арнайы зерттеуді, терең де кең зерттеуді қажет етеді.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

# АЙТКҮЛДІҢ АЙШЫҚТЫ ЖОЛЫ

**(Ғұмырнамалық очерк)**




Орта бойлы, арықша келген аққұба өңді келіншектің өз қызметіне болған махаббаты мен құрметі, жауапкершілігі арқылы жеткен жетістіктері туралы көпшілік тарапынан көп естігендіктен, кейіпкеріміздің өзімен кездесіп, әңгімелесуді жөн санап, ол басқаратын «Айналайын» балабақшасына әдейілеп ат басын тіредік. Күлмағанбетова Айткул Женисовна 1970-жылы 28-қарашада Қарағанды облысы Приозерный ауданының Сарышыған станциясында, жұмысшылар отбсында дүниеге келген. Әкесі бір ұжымда 45 жыл бойы теміржолшы болып, өз қызметінің жемісін көрген, осы мекемеден зейнетке шыққан жан. Анасы болса сауда саласында ұзақ жылдар қызмет етіпті. Қазір екеуі де бейнетінің зейнетін көріп отырған ауылдың ардақты қариялары. Отбасыдағы үш қыздың тұңғышы Айткүл екен. Мектепте үздік оқыған зерек қыз сыныптың ғана емес, мектептегі қоғамдық жұмыстардың белсендісі болған. Бой түзеп, болашаққа бажайылай қараған шағында «Мына мамандық менің мақстым...», - деп армандамаса да, өмірде өзіне тәлім мен тәрбие берген, қоғамнан өз орны табуға талпындырған ұстаздарына ұқсағысы келгенін жасырған жоқ. Соның әсері шығар, онжылдықты бітірген бойда еш ойланып жатпай-ақ, Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» факультетіне оқуға түсіпті

Институтты бітірген соң еңбек жолын Қарағанды қаласындағы №97 мектеп-гимназиясында бастауыш сынып мұғалімі болып бастайды. Орыс мектебінде мемлекеттік тілді үйрету міндеті жүктелген кезде, таңдау Айткүлге түсіпті. Алғашында біраз абыржып қалғанымен, намысқа тырысқан ол өзіне артылған сенімді ақтап шығады. Қызмет жолындағы алғашқы алғысты осы жерде алыпты. Қарағанды қаласындағы пәтер тапшылығына және жолдасының қызмет бабына орай 1995-жылы Приозерск қаласына қоныс аударады. Сол жылғы тамыз айынан бастап, 2005-жылға дейін бастауыш сынып мұғалімі және 1996-жылдан осы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет еткен. 2005-жылы қалада тұңғыш «Айналайын» атты қазақ балабақшасы ашылып, сол кездегі қала әкімі С.М.Медеубаевтың шақыртуымен осы балабақшаға директорлыққа тағайындалған. Содан бері қал-қадерінше балалар мекемесінің тасын өрге домалату жолында әрекеттеніп келеді. Қол жеткен табыстары мен жетістіктері қала тұрғындары мен ата-аналардың көз алдында өтіп жатыр. Атақ-абыройыдың барлығы осы мекеме ұжымының арқасында келіп жатқанын айтады.

2007-жылы «Айналайын» бөбекжайбақшасы «Балалық шақ – Друг детства» атты республикалық Бірінші Ұлттық байқауда «Ең үздік балабақша» номинациясы бойынша республикадағы ең үздік балабақшаның бір болып табылып, дипломмен марапатталады. Бұдан әрі жыл санап Алматы қаласында «Балалар әлемінің – ажары» атты ең үздік балабақшалар, мектептер туралы кітап жарық көрді. «Айналйын» сол кітапқа енді. «XXI-ғасырдың ақпараттық білім беру ортасы – педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту жағдайы ретінде: тәжірибе, мәселелер, перспективалар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, МББҚБА және ҚД институты директорының алғыс хатымен марапатталған. Жыл сайынғы ұстаздар күні мерекесі құрметіне өткізілетін облыс әкімінің сыйлығына талаптану байқауына қатысып, облыс әкімінің білім саласындағы сыйлығы мен қалалық мектепке дейінгі мекеменің үздік педагогі номинациясы бойынша диплкмммен марапатталса, «Білім ұясы: Ең үздік мектепке дейінгі ұйым педагогі» республикалық конкурсінің облыстық кезеңіне белсенді қатысқаны үшін III-дәрежелі дипломын иеленеді. Педагогикалық озық тәжірибенің үздік тұсау кесерін жасап, таратуға белсенді қатысқаны үшін МББҚБА және ҚД институты ректорының алғыс хатына ие болады. Республикалық инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінің III-облыстық кезеңінде мектепке дейінгі білім берудің педагогі номинациясы бойынша Гран-Приді жеңіп алады. Айткүл Жеңісқызының оқытудың жаңа технологиясына сай өткізген аукцион, тренинг, конференция, семинар-сабақтарында ақпараттық құралдарды кең түрде қолдану арқылы тәрбиешілердің танымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттырады. Осының нәтижесінде бөбекжай ұжымы үлкен жетістіктерге қол жеткізуде. Оның марапаттарын санамалайтын болсақ, бір кітапшаға жүк боларлықтай. Соның ішіндегі маңыздыларын атап өткенді жөн көрдік. 2013-жылдан бергі кезеңде Қарағанды қаласында «Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі-білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» тақырыбындағы Бірінші Республикалық педагогикалық оқуларының облыстық кезеңінде II дәрежелі жеңімпаз дипломымен марапатталды. Алматы қаласында өткен «Педагогтың кәсіби өсуі-білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» атты білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық педагогикалық оқуларының секция жұмысына қатысып, «үздік ондық» қатарынан көрінді, сертификат берілді. Қарағанды қаласында өткен «Тірек мектебі (ресурстық орталық) жағдайында инклюзивті білім беруді енгізу тәжірибесі» атты аймақтық семинар-практикумға қатысып, «Айналайын» бөбекжайындағы инклюзивті тәрбие жөнінде баяндама жасады. Семинар-практикумға қатысқаны үшін Айткүлге сертификат берілді. Астана қаласында өткен «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының біліктілігін арттыру: балаларды ерте жастан дамытуды ұйымдастырудағы отандық және халықаралық тәжірибе» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін сертификат берілді. Қарағанды қаласында облыстық кеңесте «Мектепке дейінгі мекемеде инклюзивті тәрбиені дамыту» бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқан тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың аралық есебін тапсырып, «өте жақсы» қорғап шықты. Алматы қаласында VIII Республикалық инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінде бөбекжай психологі екеуі қатысып, «Жаңашыл педагог» номинациясынның жеңімпазы грамотасымен марапатталды. Алматы қаласында өткен инновациялық-педагогикалық идеялар жөніндегі VII Республикалық фестиваліне қатысқаны үшін сертификат берілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Құрмет Грамотасымен, Алматы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігі «Дарын» Республикалық Ғылыми-Практикалық орталығының Грамотасымен, «Болашақ» Ғылыми-практикалық психологиялық орталығының «Алғыс» хатымен, «Нұр Отан партиясы төрағасының «Алғыс» хатымен марапатталған.

Қазақстан Республикасының Президентінің сайлауында сайлау науқынына белсенді қатысқаны үшін «Президенттің Алғысымен», «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Мектепке дейінгі білім беру иновациялық педагогикалық технологияларды қолдану» тақырыбына үлес қосқаны үшін «Алғыс хатпен», Ақмола облысы Көкшетау қаласының «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының» «Дені сау бала бақшалар» Республикалық сырттай конкурсының III дәрежелі Дипломымен, Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының «Ең үздік мектепке дейінгі ұйым» республикалық байқауының облыстық кезеңінің II дәрежелі Дипломымен «Айналайын» бөбекжайы марапатталды. «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ нің Педагогикалық оқулар «Білім берудегі инновация мен іс-тәжірбие: уақыт талабы атты байқауының қалалық кезеңінен I орын иегері атанды. Астана қаласының «English concours» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің «МДББ жаңа математика байқауында «БМҰҚ бойынша қосымша дамыту бағдарламасы номинациясының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Қарағанды облыс әкімі аппаратының «Практические аспекты оказания государственных услуг и развития навыков общения с инвалидами» тақырыбындағы семинар сертификатымен куәландырылды. Алматы қаласының Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының» «Мәңгілік ел» ұлыттық идеясын жүзеге асыру жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы Республикалық дөңгелек үстөлге қатысқаны үшін Сертификат берілді. Мәскеу қаласының АО»Офис пример» «Современные и подходы к организации образователного пространства» семинарының Сертификатыман марапатталған. «Балабақшадағы инклюзивті білім берудің маңыздылығы және жүргізілу әдісі» тақырыбында кәсіби қауымдастық бойынша облыстық тәжірбие алмасу семинар-практикумдарына қатысқаны үшін «Приозерск қаласының білім бөлімі» «Жезғазған қаласының білім бөлімі» «Қарағанды қаласының білім бөлімі» басшыларының сертификаттары берілді. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары мен гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Құрмет Грамотасымен марапатталды. Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы іс-қағаздарды жүргізу» тақырыбында сертификат берілді. Әріптестері мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында беделді, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін, болашақта үлкен жетістіктерге жететін тәжірибелі педагог-басшы.



Құдай пендені ғана емес, әрбір тіршілік иесін жұп етуге, ұрпақ өсіруге бейімдеп жаратқан соң, бұл заңдылықтан жаратылыс кемшілігі болмаса, ешкім аттап өте алмайды ғой. Алайда, санасы сау адам баласы өзіне өмірлік жар таңдауда қателеспеуі керек. Айткүл мен оның өмір жолдасы Жәкен екеуі теміржол вокзалындағы билет кассасында кезекте тұрғанда танысыпты. Бәлкім, оларды сол жерге бір мезетте әкеліп табыстырған да Жаратқан ие мен болашақ тағдырлары шығар. Бұл таныстықтың арты бір-бірін тануға, жүректерінде сезім алауын жағуға ұласады. Сол сезім жарасымды жұпты шаңырақ көтеруге жетелеп әкеледі. Оған Жәкеннің адамгершілігі, көргенділігі, өмірге деген өзіндік көзқарасы, көп оқыған білімділігі мен ақынжандылығы ұнаған. Ақынжанды адам сезімтал болады, сезімтал адам ешқашан жамандыққа бармайды. Екеуі 1993-жылдың басында отау құрыпты. Сол жылдың желтоқсан айында тұңғыштары Данагүл дүниеге келеді. Алғаш сәбилі болып, ата-ана атанудың, жөргектегі сәбидің жұпар иісін сезінудің бақытын сол күйді басынан кешіргендер ғана жақсы біледі. Кішкентайдың атын «Төле биге даналығын мойындатып келін болған Данагүлдей болсын», деген ақ ниетпен қайынатасы қойыпты. Одан кейін де екі ұлды болады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
***ҚР журналистер одағының мүшесі.***
***Суретте: А.Ж.Күлмағанбетова.***

*Мемлекеттік қызметтің жаңа түрі*

# «АДАМДАРҒА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУДІҢ БЕЛСЕНДІ НЫСАНДАРЫНА ҚАТЫСУҒА ЖОЛДАМАЛАР БЕРУ» БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ СТАНДАРТЫ

**Көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.**

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1)көрсетілетін қызметті беруші;

2)**www.egov.kz** «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1)көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 30 минут; порталда – 1 (бір) жұмыс күні;

2)құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

3)көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді іс-шараларына қатысуға жолдама беру, ол мыналарды қамтиды:

1)жұмысқа орналасуға жолдама;

2)қоғамдық жұмыстарға жолдама;

3)адамдарға кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға жолдама;

4)әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жолдама;

5)жастар практикасына жолдама;

6)адамдарға кәсіби бағдарлануға тегін қызметтер көрсету.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

**Д. Бижанова,**
***Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының директоры***

*Новый вид государственной услуги*

# СТАНДАРТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «ВЫДАЧА НАПРАВЛЕНИЙ ЛИЦАМ НА УЧАСТИЕ В АКТИВНЫХ ФОРМАХ СОДЕЙСТВИЯ ЗАНЯТОСТИ»

**Стандарт государственной услуги разработан Министерством здравоохранения и социального развития Республики Казахстан (далее – Министерство).**

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через:

1) услугодателя;

2) веб-портал «электронного правительства»: **www.egov.kz** (далее – портал).

Срок оказания государственной услуги:

1) с момента регистрации пакета документов услугодателем – 30 минут;

на портал – 1 (один) рабочий день;

2)максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов – 30 минут;

3)максимально допустимое время обслуживания услугополучателя – 30 минут.

Форма оказания государственной услуги: электронная (частично автоматизированная) и (или) бумажная.

Результат оказания государственной услуги: выдача направления лицам на участие в активных мерах содействия занятости, которая включает в себя:

1)направление для трудоустройства;

2)направление на общественные работы;

3)направление лицам на профессиональную подготовку, переподготовку и повышение квалификации;

4)направление для трудоустройства на социальные рабочие места;

5)направление на молодежную практику;

6)оказание бесплатных услуг лицам в профессиональной ориентации.

Форма предоставления результата государственной услуги: электронная и (или) бумажная.

Государственная услуга оказывается в порядке очереди, без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

портала – круглосуточно, за исключением технических перерывов, связанных с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан, прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем).

**Д. Бижанова,**
***директор «Центра занятости населения акимата города Приозерск»***

**ИСПОЛНЯЯ ГОСУДАРСТВЕННУЮ ПРОГРАММУ**

# РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ ПРОДУКТИВНОЙ ЗАНЯТОСТИ И МАССОВОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА 2017 - 2021 ГОДЫ

**21 января 2017 года в действие вступила новая Программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы, утвержденная постановлением Правительства РК от 29 декабря 2016 года №919.**

Для реализации данной программы разработан план мероприятий, состоящий из трех направлений, содержащих определенные задачи.

Первое направление: обеспечение участников программы техническим и профессиональным образованием и краткосрочным профессиональным обучением.

Данное направление включает в себя следующие задачи:

1)подготовку кадров с техническим и профессиональным образованием с учетом потребностей рынка;

2)краткосрочное профессиональное обучение рабочих кадров по востребованным на рынке труда профессиям и навыкам.

Второе направление: развитие массового предпринимательства. Оно включает в себя:

1)обучение участников программы основам предпринимательства по проекту «Бастау-бизнес»;

2)финансирование предпринимательских инициатив на селе и в городе.

Третье направление: развитие рынка труда через содействие занятости населения и мобильность трудовых ресурсов.

Задачами данного направления являются:

1)содействие в обеспечении занятости безработных и самозанятых;

2)повышение мобильности трудовых ресурсов;

3)создание единой цифровой площадки по трудоустройству.

В 2017 году предусмотрено частичное субсидирование государством заработной платы 15 участникам Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы, трудоустроенным на социальные рабочие места, сроком на 12 месяцев. Субсидии работодателям составляют 35% от им же установленного размера зарплаты, но не более минимальной заработной платы. По программе развития территорий 20 участников.

Запланированные 35 участников направлены 34 участников к индивидуальным предпринимателям и в товарищества с ограниченными ответственностями города Приозерск.

А также, в рамках Программ развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы и Развития территорий у работодателей есть возможность, открыв места для прохождения молодежной практики с субсидированием заработной платы, получить помощника-специалиста из числа выпускников колледжей и ВУЗов, на 6 месяцев. Таким образом молодой специалист получит опыт работы по специальности и гарантированную государством заработную плату в размере 56 тыс. тенге.

Направление 22 выпускников колледжей и ВУЗов на молодежную практику было запланировано на июль-август текущего года. На сегодняшний день направлено 3 участника.

В текущем году по Программе развития территорий запланировано 309 общественных рабочих мест и на 01 июля 2017 года направлено 164 безработных граждан.

Безработные граждане, а также несовершеннолетние дети, после обучения в 9 классе общеобразовательных школ города, имеют возможность пройти обучение по Программе, а именно обучиться по краткосрочному курсу переподготовки и профессиональной подготовки кадров с дальнейшим трудоустройством.

Обучение безработных граждан запланировано на сентябрь 2017 года.

**Специалисты нашего Центра будут рады проконсультировать и оказать помощь по вопросам трудоустройства и обучения и ждут Вас по адресу: ул. Балхашская 5, кабинет 113; тел.: 5-23-17, 5-27-88.**

**Центр занятости населения акимата города Приозерск**

# АТАҚТЫ ӘЙДІК АСТАНА!..

*Жақсының аты өлмейді!*

«Балқы Базар – білгенге, Атақты әйдік астана, Жұмыла жұртты жинап ап, Жырласа бітпес күн-түні...» - деп атақты ақындардың бірі, дінтанушы, ағартушы Тұрмағамбет Ізтелеуов жырға қосқан Базар жырау Оңдасынұлы жайлы білмейтін исі қазақ жоқ шығар, сірә?! Жуықта Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президент мұражайында Базар жырау бабаларының өмірі мен шығармашылығына арнап журналшы, ақын қызымыз Руза Жақыпқызы Алдашеваның, мұражайдың ғылыми қызметкері Дәрібек Кетебаев және мұражай басшыларының ұйымдастыруымен «Қазақты сүттей ұйытқан...» атты жыр кеш өткергенінен көпшілік қауым хабардар шығар. Кешті мұражай директоры сөз сөйлеп ашты. Кешті жүргізуші Р.Алдашева аталмыш шараны Базар жырау жырларымен бастап, қысқаша жырау туралы айтып өткен соң, Дәрібек Кетебаев Базар жырау жырлары мен өмір жолдары туралы баяндама жасады. Балқы Базар атанған атамыздың жырын Алматыдан келген белгілі жырау Сәбит Дінбайұлы жырлап, елді бір серпілтіп тастады. Сонымен бірге Теміртаулық жас жырау Ерлан Бекмұратов та өзінің өнерімен елдің ықыласына бөленгені сонша, көрермен қауым дүркірете қол соғып, қайта жырлатты.

Жырау атамыз туралы белгілі журналшы Жүсіп Алхожаев, Қуаныш Бекмұратовтар естелік әңгімелер айтты. Өзбекстанның Үшқұдық ауданы Құлқұдық жерінде Жалпақтауда жатқан жырау бейтіне күмбез орнатқан архитектор Нұрхан Бекбосынұлы Сейтов сөз сөйлеп, күмбездің құрылысы туралы, оның мағынасы жайлы айтып, суреттен көрсете отырып елге түсіндіріп берді. Кешке Балқы Базардың ұрпақтары шөпшек, немененелері қатысты. Суретші П.Меңлікұлов Базар жыраудың суретін салғанын, оның жырауды көзі көрген кісілердің әңгімесінен және ұрпақтарының айтқаны бойынша қолдан келгенше ұқсатуға тырысып салғанын айтып өтті. Сарыарқа төрінде қазақтың бір туар ақыны, Сыр сүлейлерінің ұстазы, Жыр күмбезі жырау, жыршы Базар жырау Оңдасұлының шығармашылығына арналған кеш өте тамаша, ұйымшылдықпен өтті. Елдің айта жүрер бір жыр кеші болды. Жұрттың жадында жүрер жыр жауһары жырланды. Осындай игі шараны біздің қаламызда да ұйымдастырып, ұлы бабамызды ұрпаққа үлгі етіп таныстырсақ артық болмас еді деген ниет-тілегіміз бар!..

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

# РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН



| № п/п | Сообщение | Приб. | Ст. | Отпр. | Дни следован |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Алматы-2-Астана | 15.33 | 10 | 15.43 | ежедневно |
| 4 | Астана-Алматы-2 | 16.13 | 10 | 16.23 | ежедневно |
| 9 | Алматы-2-Астана | 06.28 | 15 | 06.43 | ежедневно |
| 10 | Астана-Алматы-2 | 08.52 | 15 | 09.07 | ежедневно |
| 15 | Алматы-2-Петропавловск | 03.51 | 15 | 04.06 | четным |
| 16 | Петропавловск-Алматы-2 | 20.50 | 20 | 21.10 | нечетным |
| 43 | Алматы-1-Костанай | 05.49 | 15 | 06.04 | ежедневно |
| 44 | Костанай-Алматы-1 | 22.52 | 15 | 23.07 | ежедневно |
| 55 | Кокшетау-Кызылорда | 09.58 | 20 | 10.18 | ежедневно |
| 56 | Кызылорда-Кокшетау | 20.00 | 17 | 20.17 | ежедневно |
| 75 | Кызылорда-Астана | 21.41 | 15 | 21.56 | нечетный |
| 76 | Астана-Кызылорда | 12.22 | 18 | 12.40 | нечетный |
| 85 | Астана-Сарыагаш | 17.39 | 15 | 17.54 | ежедневно |
| 86 | Сарыагач-Астана | 08.02 | 20 | 08.22 | ежедневно |
| 207 | Астана Нурлы Жол - Шымкент | 20.13 | 15 | 20.28 | четным |
| 208 | Шымкент - Астана Нурлы Жол | 16.53 | 10 | 17.03 | четным |
| 231 | Алматы - Астана | 23.17 | 15 | 23.32 | ежедневно |
| 232 | Астана - Алматы | 23.14 | 16 | 23.30 | ежедневно |
| 236 | Астана - Шымкент | 19.52 | 15 | 20.07 | четным |
| 235 | Шымкент - Астана | 22.04 | 15 | 22.19 | нечетным |
| 239 | Астана - Джамбул | 23.49 | 17 | 00.06 | четным |
| 240 | Джамбул - Астана | 19.15 | 15 | 19.30 | четным |
| 241 | Алматы - Астана | 22.04 | 15 | 22.19 | четным |
| 242 | Астана - Алматы | 19.52 | 15 | 20.07 | нечетным |
| 303 | Алматы-2-Свердловск | 04.52 | 15 | 05.07 | вторник |
| 304 | Свердловск-Алматы-2 | 08.02 | 15 | 08.17 | пятница |
| 305 | Свердловск-Бишкек | 08.02 | 15 | 08.17 | понедельник |
| 306 | Бишкек-Свердловск | 04.52 | 15 | 05.07 | пятница |
| 315 | Ташкент-Свердловск | 04.52 | 15 | 05.07 | среда |
| 316 | Свердловск-Ташкент | 08.02 | 15 | 08.17 | воскресенье |
| 373 | Алматы-2-Жезказган | 13.17 | 20 | 13.37 | пн.чт. |
| 374 | Жезказган-Алматы-2 | 01.55 | 15 | 02.10 | ср.сб. |
| 451 | Астана Нурлы Жол - Самарканд | 05.03 | 15 | 05.18 | воскресеньям |
| 452 | Самарканд - Астана Нурлы Жол | 06.52 | 23 | 07.15 | субботам |
| 701 | Алтынколь - Астана Нурлы Жол | 01.34 | 10 | 01.44 | ежедневно |
| 702 | Нурлы Жол Астана- Алтынколь | 01.22 | 10 | 01.32 | ежедневно |
| 706 | Алматы-2-Петропавловск | 23.55 | 10 | 00.05 | ежедневно |
| 707 | Петропавловск-Алматы-2 | 03.27 | 10 | 03.37 | ежедневно |
| 707 | Шымкент - Астана Нурлы Жол | 01.53 | 10 | 02.03 | четным |
| 708 | Нурлы Жол Астана - Шымкент | 06.25 | 10 | 06.35 | нечетным |

**источник: http://www.railways.kz/ru**
***по состоянию на 04.08.2017г.***

***Новый вид государственной услуги***

# ОКАЗАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ В СФЕРЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ НАСЕЛЕНИЯ

Управление охраны общественного здоровья города Приозерск информирует население о том, что санитарно-эпидемиологическое заключение о соответствии (несоответствии) объекта государственного санитарно-эпидемиологического надзора нормативным актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения и гигиеническим нормативам выдается территориальными подразделениями на объекты, расположенные на территории города. Государственная услуга оказывается на бесплатной основе.

**Для консультации обращайтесь по номеру 5-41-13.**

**Управление охраны общественного здоровья города Приозерск**

***Соблюдайте требования закона!***

# ЗЕМЛЯ ПО ЗАКОНУ – ПРЕКРАТИМ САМОЗАХВАТ!

**Генеральным Прокурорам РК и заместителем Премьер-министра Республики Казахстан МСХ РК утвержден План по реализации проекта «Земля по закону – прекратим самозахват».**

Законодательством Республики Казахстан предусмотрены меры ответственности за самовольное занятие земельного участка.

Пунктом 27 ст.12 Земельного кодекса, определено следующее понятие:

-**самовольное занятие земельного участка** – занятие земельного участка, находящегося в государственной собственности и не предоставленного в землепользование, без соответствующего решения Правительства Республики Казахстан или местного исполнительного органа.

Практика осуществления государственного контроля за использованием и охраной земель показывает, что отдельными лицами земельные участки в нарушение закона используются под строительство, земляные работы и других целях без правоустанавливающих документов *(в т.ч. использование земельных участков, на которых имеются положительные решения земельной комиссии рекомендательного характера и не являющимся правоустанавливающим документом).*

В соответствии норм п.10 ст.43 Земельного кодекса, не допускается пользование земельным участком до установления его границ в натуре (на местности) и выдачи правоустанавливающих документов если иное не предусмотрено в решении местного исполнительного органа области, города республиканского значения, столицы, района, города областного значения, акима города районного значения, поселка, аула (села), аульного (сельского) округа о предоставлении земельного участка. Несоблюдение данной нормы квалифицируется как самовольное занятие земельного участка и предусматривает административную ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан об административных правонарушениях.

В силу норм статьи 136 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», незаконное занятие земельных участков нарушающих право государственной собственности на землю, влекут штраф:

-на физических лиц в размере семидесяти пяти месячных расчетных показателей.

-на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере ста

-на субъектов среднего предпринимательства – в размере ста пятидесяти

-на субъектов крупного предпринимательства – в размере семисот месячных расчетных показателей.

В случае незаконного занятие государственных земель в городах районного значения, поселков, сел, сельских округов, в соответствии п.2-1 ст.147 Кодекса, акимы вышеуказанных административных территорий организуют и проводят государственный контроль в отношении физических лиц на территории населенного пункта за недопущением самовольного занятия земельных участков;

**V.** В соответствии с п. 3 ст. 729 КРКоАП «*Акимы городов районного значения, поселков, сел, сельских округов вправе рассматривать дела об административных правонарушениях и налагать административные взыскания за административные правонарушения, предусмотренные* »

**VI.** На основании п.2 ст.164-1 Земельного кодекса РК, истребование самовольно занятого земельного участка из состава земель, находящихся в государственной собственности и не предоставленных в землепользование, осуществляется местными исполнительными органами по месту нахождения земельного участка.

Незаконный владелец обязан освободить самовольно занятый земельный участок в течение тридцати календарных дней с момента применения мер взыскания, предусмотренных законодательством Республики Казахстан об административных правонарушениях, и осуществить снос строения, возведенного (возводимого) на таком участке, самостоятельно либо за свой счет, кроме случаев, предусмотренных гражданским законодательством Республики Казахстан.

Во избежание случаев самовольного занятия земельных участков и незаконного строительства без правоустанавливающих документов, нашим гражданам и юридическим лицам нужно осознавать к каким последствиям может привести самозахват.

**По всем возникшим вопросам можете позвонить по телефону доверия: 8(7212) 47-82-25 или на сайт Управление https://zem-krg.gov.kz раздел «Земля по закону» для обращений и заявлений граждан.**

**А также обращаться акимам городов, районов, поселков, сел, сельских округов по месту обнаружения нарушения.**

**УКИ и ОЗ Карагандинской области**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 31/519. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*